ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 30 қазан 3514-25-00-2/3816 Қарағанды қаласы

Қарағанды облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында
төрағалық етуші судья А.А. Жунусова,
сот отырысының хатшысы Г.Е.Диярованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің Мартабек Мамраев атындағы 52859 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Евгения Александровна Морозова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тарақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСКАНДАР:
прокурор Г.Нығметжан, талап қоюшының өкілі И.А. Омарова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің Мартабек Мамраев атындағы 52859 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемемен (бұдан әрі – РММ, тапсырыс беруші) жеке кәсіпкер Евгения Александровна Морозованың (бұдан әрі – ЖК, орындаушы) арасында 2025 жылғы 24 маусымда тауаларды жеткізіп беру туралы мемлекеттік сатып алу №187 шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың сомасы – 157 800 теңге.

Шарт 2025 жылғы 30 маусымында Қазыналышылық АЖ тіркелген.

Шарт бойынша тауаларды жеткізу мерзімі – шарт тіркелген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде, яғни, 2025 жылғы 20 шілдесіне дейін деп бекітілген.

Алайда, жауапкер тауар жеткізбеген.

РГУ "Воинская часть 52859 имени Мартабека Мамраева" Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан" \АПравдивая Р.И.

Тапсырыс берушімен шарт бойынша тауаларды жеткізу қосымша 6 күн уақыт берілді.

Сонымен қатар, жауапкер тауар жеткізбеген.

2025 жылғы 12 тамызында шарт бір жақтай бұзылды.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюымен сотқа жүгінді. Талап қою жауапкердің шарт бойынша өзіне алған міндеттерін орындамағанымен негіздеген.

Талап қоюшының өкілі талап қоюын қосымша жауапкерден мемлекеттік пайдасына 3630 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы арыз жолдады.

Талап қоюшының өкілі талап қоюларды қолдап, оларды қанағатандыруды сұрады.

Жауапкерге сот отырысының өткізілетін орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен, сотқа келген жоқ, мобильдық колданба арқылы сот отырысына қосылу туралы мәлімен жіберген жоқ. Қазақстан Республикасы азаматтық процекссуалдык кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196 - бабының 4 - тармағына сәйкес, сот жауапкер қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Прокурордың қорытындысы бойынша талап қоюшының талаптары қанағаттандыруға жатады.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талабы бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң), 8-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотпен анықталғандай, мемлекеттік сатып алу «баға ұсынысы» тәсілімен жүргізілгені және оның қорытындысы бойынша тараптар арасында шарт жасалғаны.

Демек, орындаушы мемлекеттік сатып алуға қатысып, тапсырыс берушімен келісімге қол қойып, таурларды уақытында жеткізуына келісті және міндеттеме алды.

Шарт бойынша тауарларды жеткізу мерзімі 2025 жылғы 20 шілдесіне дейін белгілінген, тапсырыс берушімен қосымша 6 күн уақыт берілді.

Алайда, жауапкер тауарларды жеткізбеді.

Документ подписан: Жунусова А. А., 06.11.2025
Дата вступления в законную силу: 09.12.2025, судья Жунусова А. А., 10.12.2025
3514-25-3-1/4577

Осыған орай, жауапкермен таурлар жеткізілмеген, өз міндеттемелерін орындамаған жоқ, шарт бір жақтай бұзылды.

Сот, жауапкердің өзіне алған міндеттемелердің орындамағанын анықталды.

Талап қоюшы осы талаппен сотқа 2025 жылдың 4 қыркүйегінде «Төрелік» АЖ сот кабинеті арқылы жүгінді.

2025 жылғы 12 тамызында шарт бұзылғанын анықтап, сот, талап қоюшымен Заннамада көрсетілген мерзім сақталған деп есептейді.

АПК-нің 72 - бабын бұза отырып, жауапкермен талап қоюшының дәлелдемелерін теріске айналдыратын ешбір дәлел келтірген жоқ.

Осыған орай, талап қоюшының №1 талабы негізді болып танылады, сондықтан, қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

№2 талабы бойынша

АК-нің 272-бабының талаптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 359-бабының 1-тармағына сәйкес борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Шарттын 7.3 тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден олміндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпысомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады)не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткенәрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Талап қоюшы жауапкерден 3630 теңге тұрақсыз айыбын 2025 жылғы 21 шілдесінен бастап 2025 жылғы 12 тамызына (23 күн) дейін өндіруді сұрады.

Алайда, тұрақсыз айыппұлдын есебі 157 800 теңге х 0,1% х 23 =3634 теңге.

АПК-нің 225- бабы 2 бөлігіне сәйкес, сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді.

Жауапкер, АПК-нің 72 бабын бұза отырып, дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды сотқа келтірген жоқ.

Осыған орай, бұл талапты қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

АПК-нің 117 - бабының 1 - тармағына сәйкес жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 2075 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Документ подписан: Жунусова А. А., 06.11.2025
Дата вступления в законную силу: 09.12.2025, судья Жунусова А. А., 10.12.2025
3514-25-3-1/4577

Сот, ҚР АПК-нің 223-226 баптарын, 403-бабын басшылыққа ала отырып,

Ш Е Ш Т І:

«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің Мартабек Мамраев атындағы 52859 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекеме жауапкер жеке кәсіпкер Евгения Александровна Морозоваға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, турақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Евгения Александровна Морозова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Евгения Александровна Морозовадан мемлекет кірісіне 3630 (үш мың алты жүз отыз) теңге турақсыздық айыбы, 2075 (екі мың жетпіс бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Жунусова А.А.
Көшірме дұрыс
Судья Жунусова А.А.

РГУ "Воинская часть 52859 имени Мартабека Мамраева Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан" Жаравина В.И.

Документ подписан: Жунусова А. А., 06.11.2025

Дата вступления в законную силу: 09.12.2025, судья Жунусова А. А., 10.12.2025

3514-25-3-1/4577